

Келісемін
Қайым Мұхамедханов атындағы
№90 гимназия директоры
 Г.А. Абдраманова
«» 2025 ж

Бекітемін
«Әдістемелік орталығы»
МКҚК басшысы
 С.М. Дауешова
«» 2025 ж



Ұлағатты ұстаз, білікті басшы, Қайым Мұхамедханов атындағы №90 гимназиясының тұңғыш директоры Іргебай Ербол Ісләмұлының білім беру саласына қосқан үлесін және ұрпақ тәрбиелеудегі өнегесін дәріптеу, сондай-ақ қазіргі білім беру жүйесіндегі басқарудың жаңа моделін насихаттау мақсатында «Білім берудегі және басқарудағы трансформация» қалалық ғылыми-танымдық конференциясын өткізу туралы

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

КОНФЕРЕНЦИЯ ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ереже

Осы ереже Қайым Мұхамедханов атындағы №90 гимназиясының тұңғыш директоры, ұлағатты ұстаз Іргебай Ербол Ісләмұлының білім беру саласына қосқан үлесі мен ұрпақ тәрбиелеудегі өнегесін дәріптеу және қазіргі басқарудың жаңа моделін насихаттау мақсатында «Білім берудегі және басқарудағы трансформация» қалалық ғылыми-танымдық конференциясын (бұдан әрі - конференция) ұйымдастыру және өткізу, қорытындыларын шығару қағидаттарын белгілейді.

Ұйымдастырушылар: «Әдістемелік орталығы» МКҚК, Қайым Мұхамедханов атындағы № 90 гимназиясы.

Конференцияның мақсаты: Заманауи білім беру технологияларын, соның ішінде жасанды интеллект пен цифрлық платформаларды, сондай-ақ эмоционалдық интеллектті дамыту әдістерін тиімді пайдалану арқылы білім беру сапасын арттыру, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру және білім беру ұйымдарында басқарудың жаңа моделін насихаттау.

Конференция қатысушылары: директор орынбасарлары, қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттағы пән мұғалімдері, әдіскерлер.

2. Конференция өткізу құрылымы:

2.1. Ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады.

2.2. Ұйымдастыру комитеті:



- конференция жұмысының ұйымдастырылуын жүзеге асырады және өткізу мерізімін анықтайды;

- тапсырыстар мен ұсынылған жұмыстарды қабылдайды, қатысушылардың тізімін жасайды;

- конференция қорытындысы туралы ақпарат «Әдістемелік орталық» МКҚК, Қайым Мұхамедханов атындағы №90 гимназия сайтында жарияланады.

3. Конференцияның өткізілу мерзімі мен орны

3.1. Өтетін орны: Қайым Мұхамедханов атындағы № 90 гимназиясы, мекенжайы: Астана қ., Қорғалжын тас жолы 37\1.

3.2. Өткізу күні, уақыты: 29 қазан 2025 жыл, сағат 10:00-де.

3.3. Қатысушыларды тіркеу уақыты: 09:00-09:30

3.4 Өткізу тілі: қазақша

3.5. Өткізу форматы: офлайн

4. Конференцияны өткізу тәртібі

4.1. Конференция екі бөлімнен тұрады:

1) Пленаралық

2) Секциялық

Секция жұмысының бағыттары:

I бағыт – «Басқарудың жаңа моделі» (директор орынбасарларына арналған)

- «Жасанды интеллект арқылы “Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асырудың тиімді жолдары»

- «Педагогтердің кәсіби тәжірибесіне жасанды интеллект технологияларын енгізудің тиімді тәсілдері»

- Білім беруді трансформациялау: жасанды интеллект және цифрлық құралдардың үйлесімі»

- «Аутентикалық оқыту арқылы білім сапасын жақсарту»

II бағыт – «Қоғамдық – гуманитарлық бағыт»

- «Мектеп оқушыларының медиа және ақпараттық сауаттылығын арттырудың заманауи тәсілдері»

- «Қоғамдық-гуманитарлық пәндерде геймификация әдісі арқылы мотивацияны күшейту»

- «Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасын қоғамдық-гуманитарлық пәндерде тиімді интеграциялау»

- «Эмоционалдық интеллект және тұлғалық даму: мектептегі құндылыққа негізделген тәрбие»

III бағыт – «Жаратылыстану-математикалық бағыт»

- «Геймификация әдістерін тиімді қолдану арқылы жаратылыстану-математикалық пәндерде оқушылардың танымдық белсенділігі мен сыни-логикалық ойлау қабілетін дамыту»

- «Жаратылыстану пәндерінде деректерді талдау, визуализациялау және интерпретациялау үшін жасанды интеллект пен Big Data технологияларын пайдалану»

- «Жаратылыстану пәндерінде жобалық және іс-әрекеттік оқыту негізінде оқушылардың soft skills (көшбасшылық, коммуникация, креативтілік) дағдыларын дамыту стратегиялары»

- «STEM-білім беру экожүйесінде өнер мен ғылымды ықпалдастырудың инновациялық тәсілдері: интеграцияланған сабақ үлгілері мен практикалық жобалар»

5. Конференцияға қатысушылар

5.1. Барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарының басшы орынбасарлары мен педагогтері, әдіскерлер.

5.2. Конференцияға қатысу форматы: офлайн

6. Өтінімдер мен мақалаларды ұсыну мерзімі

6.1. Конференцияға қатысу үшін материалдарды ақпараттық хат қосымшасына сәйкес yseminar@list.ru электронды почтасына 2025 жылдың 19 қазанына дейін өтінім, баяндама тезистерін және презентацияны жіберу сұралады.

- Конференцияға қатысу үшін жеке өтініші (№1 қосымшаға)

- талаптарға сәйкес жасалған мақаланың мәтіні (№2 қосымшаға)

6.2. Ұйымдастыру комитеті қойған талаптарға сай келмейтін (ережеге сәйкес емес) жұмыстарды қарамауға құқығы бар. Жолданған материалдар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

6.3. Материалдар жинағы электронды түрде PDF форматында семинар өткізген күннен кейін 30 күн ішінде ЭО сайтында (<https://astana-modern.edu.kz/>) жарияланады.

6.4. Жинаққа UDC, LBC және халықаралық стандартты кітап нөміріне (ISBN) сәйкес кітапхана индекстері беріледі.

7. Материалдарды баспаға әзірлеуде қойылатын талаптар

7.1. Баяндама (мақала) мәтіні мәтіні 3 парақтан аспауы керек және тіркеу формасы MS Word мәтіндік редакторы бойынша жазылуы керек:

- парақтардың параметрлері: жоғары – 2 см., сол жағы 2,5 см., оң жағы 1,5 см.

- Шрифт: Times New Roman, кегл – 14.

- Жол аралық: 1 интервалмен; жаңа жол: 1,25 см.

7.2. Конференцияға тікелей тыңдаушылар алдында баяндама оқу арқылы қатысу қарастырылады.

7.3. Пленаралық және секция отырысында сөз сөйлеу (регламент 5-7).

7.4. Конференцияға электронды мақалалар жинағына мақаласын ұсынып, баяндама оқымай тыңдаушы ретінде қатысуына болады.

8. Мақалалар тақырыбын рәсімдеу:

8.1. Мақала тақырыбы парақтың ортасында қою шрифтпен жазылады;

8.2. Автордың аты-жөні, жұмыс орны ортасында курсив шрифтпен жазылады;

8.3. Бұдан кейін пробел қойып, мақала мәтіні жазылады. **Мақала мәтініндегі** пайдаланған әдебиеттерге сілтемелер тік жақшамен көрсетіледі [1.17 бет].

8.4. Мәтіннен кейін бірден (пробелсіз) **Әдебиеттер тізімі** (ортасына бас әріп, қою шрифтпен, шрифт түрі, өлшемі – Microsoft Word, 14) әдебиеттер

тізіміндегі ақпараттар ені бойынша тураланады, абзац қою – 1 см. Әдебиеттер тізімі мақала мәтініндегі дереккөзге сілтеме жасай отырып жасалады. Әдебиеттер тізімінің нөмірленуі қолмен қойылады;

8.5. Баспа немесе ғаламтор көздерінен алған ақпараттарға сілтеме жасай отырып, пайдаланылған әдебиеттер тізіміне қосу керек;

8.6. Авторлық құқықты бұзғаны үшін қатысушының өзі жауап береді.

9. Мақала жазуға қойылатын талаптар:

9.1. Жаңашылдық және өзіндік ерекшелігі (жаңа идея, технология, әдіс-тәсіл немесе біреудің авторлық идеясын кеңейтудің, апробациядан өткізудің, оның әдісі мен технологиясы тиімділігінің дәлеліндегі жаңа нұсқа ұсынылады);

9.2. Өзектілік (нәтижелердің маңызды ғылыми және практикалық мәселелерді шешуге жарамды болу мүмкіндігі);

9.3. Тәжірибелік (мақалада тәжірибелік іс-әрекетті көрсету, мақалада тәжірибе алмасу тәсілдерінің болуы);

9.4. Әдіскерлік (мақаладағы ұсыныстардың санымен және пайдалылығымен анықталады);

9.5. Дәлелдемелік (дәйексөздердің сенімділігімен, тұжырымдардың дәлелдігімен, статистикалық нәтижелердің болуымен және оларды интерпретациялаудың дәйектілігімен анықталады).

10. Қосымша ақпарат

10.1. Конференция координаторлары:

- Айтуғанов Бауыржан Серікұлы, тел. 87714251011.

1-қосымша

**Ұлағатты ұстаз Іргебай Ербол Ісләмұлын еске алуға арналған
«Қалдырған ізін мәңгілік...» қалалық ғылыми-танымдық конференциясына
қатысушының өтінімі**

№	Т. А. Ә.	Жұмыс орны, лауазымы	ЖСН	Баяндама тақырыбы	Бағыты	Тел, эл почта

Рәсімдеу үлгісі

ТАҚЫРЫП

Тегі Аты Әкесінің аты

«№.....мектеп-лицейі» ШЖҚ МҚК

*мақала мәтіні мақала мәтіні мақала мәтіні мақала мәтіні мақала мәтіні
[1,17 бет] мақала мәтіні мақала мәтіні мақала мәтіні мақала мәтіні мақала
мәтіні мақала мәтіні мақала мәтіні мақала мәтіні мақала мәтіні мақала
мәтіні мақала мәтіні мақала мәтіні мақала мәтіні мақала мәтіні мақала
мәтіні*

Әдебиеттер тізімі:

1. Автор А.А монографияның атауы. Баспа. – Астана, 2022
- 2.
- 3.
- 4.